

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аязан Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжесхан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтпауұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусейтова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Коздой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумексов Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакостроения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжесхан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Zelvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyvs – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы)

Бисембаева Л.А.

PhD доктор, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.
Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу облысында сауда байланыстарының дамуы және оның өңір қазақтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне әсері мәселесіне арналған. Облыс жерінің Қытай мемлекетімен және Орта Азия хандықтарымен шектесіп жатуы патша үкіметіне экономикалық тұрғыдан тиімді болып, сауданың дамуына ықпал еткендігі, оның өз кезегінде жергілікті халықтардың дәстүрлі шаруашылығы мен тұрмысына, облыс тұрғындарының өзара қарым-қатынасына әсері қарастырылады. Сауданың дамуы қазақтардың байырғы кәсіптерін дамытып, табыс көзіне айналдыруына ықпал етті. Малдың айырбас құралы ретінде құны артып, қолда ұсталатын мал түрлері де өзгере бастады. Тауар-ақша қатынастарының дамуы халықтың әлеуметтік теңсіздігін одан әрі арттыра түсті. Сауда өсімқорлық арқылы жүргізілді. Ресейлік, ортаазиялық саудагерлермен қоса жергілікті қазақ байлары да өсімқорлық саудамен айналысты. Қазақтар екі жақты қыспаққа, кіріптарлыққа түсті. Сауда қатынастарының дамуы халыққа экономикалық жағынан қиындықтар туғызғанымен өмірлерінде оң өзгерістер орын ала бастады. Тұрмысқа жаңа бұйымдар еніп, киімдер сапалы, күнделікті тұрмысқа ыңғайлы маталардан, жаңаша сәнмен тігіле бастады. Ішіп-жейтін тағам түрлері өзгерді. Жетісу қазақтарының күнделікті тұрмыс-тіршілігі мен қоғамдық санасы сапалы жаққа бет бұрып, жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделе бастады. Мақалада осы және басқа да мәселелер туралы айтылады.

Түйін сөздер: тұрмыс., жәрмеңке, шаруашылық, кәсіп, қазақтар, Жетісу, ақша, сауда, саудагер, тауар

ЖЕТІСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века)

Бисембаева Л.А.

Казахский национальный женский педагогический университет, Старший преподаватель, PhD.
Казахстан, г. Алматы

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена развитию торговых отношений в Жетісу во второй половине XIX - начале XX века и их влиянию на повседневную жизнь казахов региона. Считается, что граница региона с Китайским государством и ханствами Средней Азии была экономически выгодна царскому правительству и способствовала развитию торговли, что в свою очередь сказалось на традиционной экономике и средствах к существованию местного населения. Развитие торговли помогло казахам развить свои древние профессии и стать источником дохода. Ценность домашнего скота как средства обмена возросла, и виды домашнего скота начали меняться. Развитие товарно-денежных отношений еще больше усилило социальное неравенство населения. Торговля велась через ростовщичество. Помимо русских и среднеазиатских торговцев

ростовщицеством занимались и местные богатые казахи. Казахов эксплуатировали. Хотя развитие торговых отношений вызвало экономические трудности для населения, в их жизни начали происходить положительные изменения. Появились новые вещи, повседневные одежды изготавливались из качественных тканей в новом стиле. Изменились виды пищи. Повседневная жизнь и общественное сознание жетысуйских казахов стали меняться в лучшую сторону и адаптироваться к новым общественным отношениям. В статье обсуждаются эти и другие вопросы.

Ключевые слова: Жетысу, казахи, профессия, экономика, торговля, купец, товары, деньги, ярмарка, жизнь.

THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALF OF 19TH CENTURY -EARLY 20TH CENTURY)

Bissembayeva L.A.

Kazakh National Women's Pedagogical University. Senior Lecturer, PhD. Kazakhstan, Almaty

Abstract. *Introduction.* The article studied the development of commodity relations and its impact on the daily life of the region Kazakhs' in the second half of the 19th and early 20th centuries.

It was economically beneficial to the Tsarist government as the region's land borders with the Chinese state and the Central Asian khanates. It was considered that it contributed to the development of trade, affects the traditional economy and everyday life of local peoples, as well as the interaction of the regions' population. The development of trade contributed to the development of Kazakhs ancient professions and became a source of income. The value of livestock as a means of exchange had increased, and the different types of domestic livestock also began to change. The development of commodity-money relations have affected the social inequality of the population. Trade was carried out through usury. In addition, Russian and Central Asian merchants and local Kazakh rich people were engaged in usurping trade. Kazakhs were subjected to mutual harassment. Although the development of trade relations had caused economic difficulties for the population, positive changes had begun to occur in their lives. New products of the household were introduced, and the high of quality clothes which made of convenient fabrics in a modern fashion for everyday life started to design. Also, the different types of the food had changed. The social consciousness of the Zhetysu Kazakhs and their daily life began to improve and adapt to a new social relations. In this article studies these and other issues.

Keywords: Zhetysu, Kazakhs, profession, economy, trade, merchant, commodity, money, Fair, everyday life.

Кіріспе

Соңғы отыз жылға жуық уақыттан бері отандық тарих ғылымында бірқатар оң өзгерістер орын алып, еліміздің өткен тарихына қатысты мәселелер бүгінгі сұраныстарға сай қайта талдауға алына бастады. Қазақ халқының бүгінге дейінгі жүріп өткен жолындағы сондай қайта қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі Ресей империясының отарлық езгісінде болған уақыттардағы ел өмірінде орын алған өзгерістер. Соның ішінде аталған кезеңде Қытаймен және Орта Азия хандықтарымен шектесіп жатқандықтан патша үкіметі үшін стратегиялық маңызға ие болған Жетісу облысы қазақтарының тұрмыс-тіршілігі мәселесі.

1867 жылы Жетісу облысы құрылып, патша үкіметі бұл аймақта өз мүддесіне сай қоныс аудару, салық, сауда байланыстары сияқты саяси-экономикалық шараларды жүзеге асыра

бастайды. Бұл шаралардың барлығы жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылық саласын дағдарысқа ұшыратып, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне жол салған болатын. Әсіресе, өңірдің Ресейдің экономикалық жүйесіне тартылуы, сауда-саттықты дамытып, халықты өнеркәсіп өнімдерімен таныстырса, екінші жағынан сауда байланыстарының өсімқорлық арқылы жүргізілуі Жетісу қазақтарын қанауға ұшыратып, кіріптарлыққа түсірген-ді. Бірақ, тауар-ақша қатынастарының дамуы жергілікті тұрғындар үшін әлеуметтік-экономикалық жағынан қиындықтар туғызғанымен, олардың күнделікті өмірлерінде оң өзгерістер де байқала бастады. Жергілікті кәсіпкерлер өсіп шықты. Қарапайым тұрғындар да жаңа кәсіп түрлерін меңгеріп, оны табыс көзіне айналдыра бастады.

Кәсіпкерлік мәселесі қай кезде де экономика саласында маңызды орын алатындығы белгілі. Президент Қ.К.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған жолдауында экономикадағы жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі, әділ бәсекелестік, кәсіпкерліктің жаңа буыны үшін нарық ашу сияқты т.б. еліміздің жаңа жағдайдағы экономикалық даму бағдарларына ерекше тоқталған болатын (Тоқаев, 2020.). Сондықтан біз қарастырып отырған патша үкіметі тұсындағы жаңа қарым-қатынастар жағдайындағы Жетісу қазақтарының өмірі мәселесі өткеннен сабақ алып, болашақты тура бағдарлау тұрғысынан алып қарасақ, өзекті тақырыптардың біріне арналған.

Материалдар мен әдістер

Тақырыптың зерттеу нысаны - патша үкіметі тұсындағы Жетісу қазақтарының өмірі, ал зерттеу пәні – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Жетісу қазақтарының өмірінде орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің мазмұны мен сипаты болып табылады. Тақырыпты жазып шығуда Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивінің Жетісу облыстық қоныстандыру басқармасының меңгерушісі (19 қор) қорының, сонымен бірге аталған тарихи уақыттарда Жетісу облысының орталық қаласы Верныйда шығып тұрған «Обзор Семиреченской области» жинағының әр жылдардағы (1892, 1893, 1895, 1901, 1906, 1908) басылымдары және Социалистическая Алма-Ата газетінде жарияланған сол заман куәгерінің естеліктері (Иконников, 1937: 3) негізгі дереккөзі ретінде қолданылды.

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві еліміздің өткен тарихи кезеңдері бойынша түрлі құжаттарды топтастырған ірі архив болып табылады. 19 қордан мақаланың тақырыбына сәйкес Жетісу тұрғындарының кәсібі мен әлеуметтік жағдайына қатысты құнды деректер алынды. «Обзор Семиреченской области» басылымынан Жетісу облысындағы тауар-ақша қатынастары, сауда орындары, жәрмеңкелер, өсімқорлық сауда, жергілікті халықтың саудаға бейімделуі, жаңа кәсіптер, олардың түрлері, еңбек ақы, тауардың құны сияқты т.б. құнды мәліметтер алынды.

Пайдаланылған дереккөздері мен материалдардың ақпараттылық және сенімділік дәрежесі жоғары. Сондықтан XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы тауар-ақша қатынастары жағдайындағы Жетісу қазақтарының өмірін күнделіктілік тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Тақырыптың мазмұнын ашуда аталған уақыттарда облыс аймағында орын алған үрдістердің өзара байланысын ашып көрсету үшін жалпығылыми және жалпытарихи әдістер қолданылып, тарихи үдерістерді сипаттау және тақырыпқа қатысты әртүрлі фактілерді жан-жақты талдап, тарихи шынайылыққа жақындау үшін объективтілік және тарихилық қағидасы басшылықта ұсталды. Облыс тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған өзгерістердің негізі мен ішкі және сыртқы байланыстарын жүйелі түрде сараптау мақсатында тарихи-салыстырмалы, тарихи типология және тарихи жүйелеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар жергілікті халықтың күнделікті өмір сүру амал-әрекетін, қоғамдық өзгерістердің олардың өміріне әсерін ашып

көрсетуде этнометодология, ал саяси-экономикалық салалардағы өзгерістердің күнделікті өмірдегі көрінісін анықтауда феноменология методологияларының қағидалары басшылыққа алынды.

Талдау

Жетісу өңірі қазақтарының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі тауар-ақша қатынастары жағдайындағы тарихи революцияға дейін де, кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта да зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес. Әр кезеңнің зерттеушілері өз заманының талабына сәйкес ғылыми көзқарастар мен методологиялық қағидаларды басшылыққа ала отырып, тиісті тұжырымдар жасады. Дегенмен, аталған тақырып күнделіктілік зерттеу әдісі тұрғысынан отандық тарихнамада алғаш рет қарастырылып отыр.

Тарих ғылымындағы күнделіктілік бағыты еуропалық тарихнамада XX ғасырдың 60 жылдарында орныға бастаса, осы ғасырдың 90 жылдарында Ресейде жалғасын тапты. Ал Қазақстанда тарихты күнделіктілік тұрғысынан зерттеу 2000 жылдардан бастап қолға алына бастады.

Орыс тарихшысы Н.Л.Пушкарева күнделіктілік тарихының методологиясына қатысты: «Күнделіктілік тарихы – адамның күнделікті өмірін тарихи-мәдени, саяси және этникалық-конфессиялық контексте қарастыратын тарих ғылымының жаңа саласы» (Пушкарева, 2004: 3-19) - десе, күнделіктілік тарихының зерттеу аясы туралы: «әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірде орын алып жататын оқиғаларды қалай қабылдайтынын, оның мінез-құлықтағы көрінісін күнделікті тұрақты түрде қайталанып отыратын өмір сүру салтымен қоса жан-жақты зерттеу. «Күнделіктілікті» анықтаудағы негізгі түйін тұрақты түрде қайталанып отыратын жағдайлар болып табылады» (Пушкарева, 2010) - деген қорытынды жасайды.

Тақырып отандық тарихнамада арнайы зерттелмегендіктен мәселенің тарихнамасын Жетісу облысының отаршылдық кезеңіндегі тарихына қатысты әр жылдарда жазылған зерттеулерді теориялық басшылыққа ала отырып талдауды жөн көрдік. Революцияға дейінгі Жетісу тарихына қатысты зерттеу жүргізгендер патша үкіметінің арнайы тапсырмасын орындаушы шенеуніктер, саяхатшылар, шығыстанушы ғалымдар, тарихшылар мен географтар және т.б. еді. Сондықтанда олар кітаптарында белгілі бір зерттеу әдісіне сүйене бермеді. Соған қарамастан олардың Жетісу тарихына қатысты жазып қалдырған еңбектері біз үшін құнды болып табылады. Мысалы, биолог А.М. Никольский (Никольский, 1885: 80) Жетісу қазақтарының шарушылығы, кәсібі туралы, ал Жетісу облыстық статистикалық комитетінің хатшысы В.Е. Недзвецкий (Недзвецкий, 1913: 27,29) Жетісу жеріндегі ақша айналымы, банктердің ашылуына қатысты мәліметтер береді. Мақаланы жазып шығуда негізінен тәуелсіздік кезеңіндегі отандық тарихшылардың еңбектері басшылыққа алынды. Р. Оразов (Оразов, 2013: 9) және М.Қ. Қойгелдиевтің бас редакторлығымен жарық көрген Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының 8 томында (Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 2008: 230) Қарқара жәрмеңкесінің тауар айналымы, оның халықаралық саудадағы маңызы ашып көрсетілсе, Н.К. Байғабатова (Байғабатова, 2004: 19) тауар-ақша қатынастарының дамуы үй кәсіпшілігі мен қолөнердің маңызын арттыра түскенін айтады. Ә. Нысанбаевтың бас редакторлығымен шыққан «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының 1 томында («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, 1998: 84) жәрмеңкелердің сауда орталығы болуымен бірге облыс тұрғындарының бір-бірімен тығыз араласуына және ел ішіндегі өнерпаздардың жалпақ жұртқа кеңінен танылуына да ықпал еткендігін көрсетеді. Л.А. Бисембаева Жетісу өлкесінің Қытаймен саудада транзиттік аймақ болғандықтан Қапал мен Верный қалаларының ірі сауда орталықтарына айналғаны, халықтың күнделікті тұрмыстық сұраныстарын қамтамасыз етіп отырғандығы жөнінде (Бисембаева, 2015: 189-194), З. Әбілқасымұлы (Әбілқасымұлы, 2016: 28-30, 33) Жетісудың жергілікті саудагерлері, өсімқорлық сауда, мал басының құны туралы мәліметтер

келтіреді. Тақырыпты зерттеу барысында Жетісу өңірінің капиталистік қатынастарға тартылуына қатысты еңбектер біршама жазылғанына қарамастан, аталған мезгілдегі Жетісу қазақтарының күнделікті өмірінің мәселесі отандық тарихнамада арнайы зерттелмегені белгілі болды.

Зерттеу нәтижелері

XIX ғасырдың II жартысынан бастап Жетісу облысы жалпыресейлік экономикаға тартылып, капиталистік қатынастар жүйесіне ене бастаған болатын. Нәтижесінде біз қарастырып отырған уақыттар аралығында қазақ жерінде сауданың үш түрі пайда болды: 1) тұрақты сауда – қалалар мен селолардағы дүкендер мен сауда үйлерінде жүргізілген сауда; 2) айырбас сауда – қазақ ауылдарын аралап жүріп жасалған өсімқорлық сауда; 3) маусымдық сауда – жәрмеңкелік сауда (Оразов, 2013: 9). Яғни, ішкі сауда, тасымал саудасы және шекаралық сауда болды.

Көшпелі болыстықтардағы ұсақ-түйек сатумен шектелетін дүкендер қазақтардың барлық қажеттіктерін қанағаттандыра алмады. Сондықтан көшпелілер тұрмысқа қажетті негізгі керек-жарақтарын отырықшы елді мекендердегі тұрақты сауда орындарынан алып отырған.

Жәрмеңкелік сауда қазақтарға шаруашылық қажеттіктерін қанағаттандыруға неғұрлым ыңғайлы болды. Облыс аймағында ұйымдастырылған жәрмеңкелердің ішіндегі ең ірісі, әрі маңызы зоры Жаркент және Пржевальск уездерінің жерінде орналасқан Қарқара жәрмеңкесі еді. Жәрмеңкенің аумағы 2.567.46. десятина жерді алып жатты. Ресми түрде 1893 жылы 21 наурызда ашылып, 15 мамыр – 15 маусым (кейінірек 15 маусым – 15 тамыз) аралығында жұмыс істеп тұрған. 1893 жылы тауар айналымы 87903 руб. құраған (Оразов, 2013: 9). болса, 1916 жылы бұл жәрмеңкедегі тауар айналымы 1 млн. руб. жеткен. Қарқара жәрмеңкесінің Орта Азия елдерімен сауда-саттықта, әсіресе Ферғанаға мал жеткізіп тұруда маңызы зор болған (Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы, 2008: 230).

XX ғасырдың басында Жетісу облысында 11 далалық жәрмеңке ұйымдастырылып тұрған (Обзор Семиреченской области за 1908 г., 1910: 62).

Жәрмеңкелерде сауда жасалып қана қойған жоқ, ол сонымен қатар әртүрлі мәдени-спорттық іс-шаралар өткізілетін орынға да айналды. Жәрмеңкеге келушілер түрлі ұлттық ойындарды және ел ішіндегі ақындар мен әншілердің өнерін тамашалап, көңіл көтеретін. Қазақ жеріндегі алғашқы спорттық ойындар мен цирк өнері, ел ішіндегі өнерпаздар да халыққа жәрмеңке алаңдары арқылы танылды («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, 1998: 84). Жәрмеңкеге келген саудагерлер мен қонысаударушылар сауда жасай отырып, жергілікті халықтың өнерін тамашалайтын, олардың тұрмыс-салтымен, мәдениетімен жақыннан танысатын. Сонымен бірге қазақтар да сауда арқылы олармен тығыз байланысқа түсетін. Осылайша, жәрмеңкелер, бір жағынан, тұрғындарды тұрмыстық қажетті заттармен қамтамасыз етсе, екінші жағынан, облыс тұрғындарының бір-бірімен тығыз араласуына, бірін-бірі жете тануына ықпал етті. Тұрғындар арасында күнделікті тіршілік барысында тұрмыстық қажеттіліктерден бастау алған тұрақты қарым-қатынас орнап, өзара дос, тамыр бола бастады.

Патша үкіметі үшін Жетісу облысының шекаралық аймақ ретінде маңызы зор болды. Себебі, облыстың Қытаймен және Орта Азия хандықтарымен шектесіп жатуы экономикалық тұрғыдан тиімді еді. Сондықтан облыс жерін транзиттік аймақ ретінде пайдаланып, шекаралық сауданың дамуына да күш салды. XIX ғасырдың ортасында Ресей мен Қытайдың арасындағы сауда қатынасы Жетісу бағытындағы жолдармен дамып, Қапал және Верный қалалары негізгі сауда орталықтарына айналды. XIX ғасырдың соңына таман қазақ көпестері де сауда-саттық операцияларына барынша белсене қатыса бастады (Бисембаева, 2015: 189-194). Жетісудың Ойшы Маясарұлы, Тұрысбек Мамановтың ұрпақтары, Шаяхмет Апсаматов сынды бай қазақтары да халықаралық базарларға барып сауда жасаған. Мысалы, Қапалдық Тұрысбек қажының ұрпақтары халықаралық базарларға 20-30 мың ірі қара малын, 150 мыңға жуық қой шығарған. Атақты

саудагер Шаяхмет Апсаматов та жыл сайын 110-120 мың қой, 20 мыңға жуық ірі қара малын өзге елдің базарларына өткізіп отырған (Әбілқасымұлы, 2016: 33).

Шекаралық сауда Қытай мемлекетімен Жаркент қаласындағы Бахты бекінісі және Пржевальск қаласындағы Қорғас, Нарын бекіністері арқылы жүргізілді (Обзор Семиреченской области за 1893г., 1894: 16). Қазақ көпестері Қытайға бұрынғысынша мал және оның өнімдерін шығарса, ол жақтан, қазақтар тарапынан шайға деген сұраныс ерекше зор болғандықтан, көбірек шай алып келуге тырысты (Бисембаева, 2015: 189-194). Сонымен бірге астық, күріш, көкөніс, жеміс-жидек, құс және құс өнімдері, балық, қант, арақ, шарап, сыра, дәрілік шөптер, иленген тері, шойын, темір, болат, сондай-ақ солардан жасалған бұйымдар да тасымалданған (Оразов, 2013: 9).

Көшпелілер арасындағы сауда саудагерлерге қаншалықты тиімді болса, қазақтарға соншалықты, тіпті одан өте тиімсіз еді. Қазақтар тұрақты сауда орындарының болмауы мен тауар түрінің аздығынан сапасы нашар болса да саудагердің қолындағы тауарды алуға мәжбүр болатын. Шыт, басқа да әртүрлі маталарды, шапандар мен түрлі киімдерді және шаруашылыққа қажетті заттарды малға айырбастап алды. Саудагерлер заттарын өте жоғары бағаласа да, қазақтар оның бағасына қарамай ала беретін. Себебі, саудагер ол заттардың ақысын сол бойда сұрамай, белгілі бір уақытқа дейін қарызға беретін. Бірақ оны уақытында қайтара алмаса, қарыз қайтару уақыты ұзақ уақытқа шегеріліп, айыппұл құны екі еселеніп өсе беретін (Обзор Семиреченской области за 1892 г., 1893: 29).

Жетісудың кедей қазақтары осындай несиені саудасынан өте көп зардап шекті. Бұл өңірде несиені саудасы тек тоқтыларға жүргізілген. Мұндай сауданы ешбір малы жоқ кедейлер істеуге мәжбүр болған. Саудагерлер 3 кез шытты 1 тоқтыға айырбастаған. Ол тоқтыны келер жылы алатын болып, уақыты келгенде тоқтының орнына ісек қой талап еткен. Бұдан басқа «қызыл қозы» дейтін сауда түрі де болған. Ол несиені алушылар келесі жылы қозының орнына қой беруі тиіс болған. Қой бере алмаса, онда жақсы қойдың құны-3 сом беруге міндетті болған. Сөйтіп алыпсатардың 1 тоқты үшін берген дүниесі 2-3 есе болып қайтып отырған.

Жетісу облысында құны арзан бағаланып отырған серкеш (2 серкеш-1 қой) Ташкент, Әулиеата, Әндіжан базарларында өтімді болған. Өйткені, ешкі терісінен сапалы былғарылар жасалатын. Жетісуда 1 қойға бағаланған 2 серкеш бұл жерлерде алыпсатарларға 2 қойдың құнынан артық пайда әкеліп отырса, жәрмеңкеге өткізетін қойларының 80-90% сатып алғандағы құнынан (Жетісу облысында 1 қой 3 сомға бағаланған) 2,5-3 есе артық саудаланған (Әбілқасымұлы, 2016: 28-30).

